

29.03.2021 жыл. № P00026

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

МАМБЕТОВА АЙГУЛЬ АБДУРАЗАКОВНА

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, "А.Тұяқбаев атындағы
№ 29 жалпы орта мектебі " КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы

біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады. Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады. Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсартады. Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

- Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.

- Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.

- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.

- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.

- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.

- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін.

Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.

- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.

- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.

- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.

- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.

- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.

- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.

- 4. Топтық сананы құру амалдары:

- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.

- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:

- мақсатқа сенімділік;

- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;

- жетекшіліктің оңтайлы стилі;

- басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:

- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

- Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.
- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
 - қарым-қатынастың гуманистік түртікілері;
 - мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

29.03.2021 жыл. № P00027

Рухани жаңғыру біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі

БЕКБУЛАТОВА ТОЙСУЛУ АЛПАМЫСОВНА

Қостанай қаласы № 40 бөбекжай-бақшасының әдіскері

Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар.

Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Бүгінгі алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз.

Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қайсар рух пен қара күшті қару етіп, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың ерлік жолындағы күресі бүгінгі таңда айбыны аспан тіреген тәуелсіздік тұғырын биіктетті.

Қазіргі жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүйоге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеуге бүгінгі педагоктардың алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі.

Елбасымыздың Халыққа Жолдауында: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр,-деп, жастарға зор сенім мен үміт артып отыр.

Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын қылайық. Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деп ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай ең басты білімге қойылып отырған талапты орындасақ, келер ұрпақ жаңа технология бойынша білім алып, тілді меңгеріп, біліммен, тәрбиені ұштастыру арқылы зор мүмкіндіктерге жетуге тиіс. Сондықтан рухани жаңғыру мен жаңаруда әр саланың өзіндік үлесі болғаны дұрыс.

Рухани жаңғыру біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру – заман талабы. Табысты, жемісті болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әркім естен шығармай, терең түсінуі қажет.

Біздің болашақ жастарымыз үшін білім алу ең басты шарт.

Сондықтан білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді деп ойлаймыз.

29.03.2021 жыл. № P00028

Балаларды музыкалық тәрбиелеудегі тәжірибелік қызмет

ЕСЕНЖОЛОВ НАРБЕК АУЕСХАНОВИЧ

Қостанай қаласы № 7 бөбекжай-бақшасының музыка жетекшісі

«Құлақтан кіріп бойды алар,әсем ән мен тәтті күй» -деп данышпан ақын Абай атамыз айтқандай,жақсы ән- күй өзінің сиқырлы әуені арқылы адамның жан дүниесін әсемдікке тәрбиелейді, жақсы қасиеттерін дамытады.

Музыкасыз ойынсыз,ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл- ойы мен қиялын тәрбиелеу мүмкін емес.Балабақшадағы саз жетекшілері сазды-эстетикалық тәрбие беруді мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты,мемлекеттік стандартқа сай,бағдарламаға сүйене отырып,жоспарлап көңілді де қызықты өткізуге тырысады.

Бүгінде еліміздің балабақшаларында тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің арасында болашақ небір майталман өнерпаздар, әншілер, жазушылар, ақындар, қайраткерлер бір сөзбен айтқанда талай мамандық иелері шығуы ықтимал. Сол тәрбиенің бір саласы музыкалық, эстетикалық тәрбие. Музыкалық эстетикалық тәрбие дегеніміз - сұлулықты,көркемдікті сездіріп үйрету,сондай сұлулық пен көркемдікті тек көріп қана қоймай өз бойына сіңіре білуді әдет- дағдыларына айналдыру. Осы маңызды мәдениетті орындау үшін жалпы музыкалық қабілетін дамыту керек.

Бала музыканы тыңдай отырып,әнді,ойынды,көркем кейіпкерлерді,биді сөз алдына елестете отырып өзінше қабылдайды.

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып,адамгершілік бейнесін қалыптастырады,жалпы бейімдеушіліктің дамуына қарай балалардың музыкаға деген әсерлі көз қарасы қалыптасып,есту қабілеті жетіле түседі,шығармашылық елестету сезімі пайда болады.

Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың мінез -құлқына, мәдениетіне әсерін тигізеді. Түрлі тапсырмаларды іс- қимыл түрлерін алма-кезек ауыстырып отырса,балалардын ықылас қоюын ,тапқырлық көрсетуін тез қабылдап,тез қимыл жасауын,ұйымшыл болуын қалыптастырады.

Баланы эстетикалық ақыл- ой тұрғысынан жетілдіре отырып,оның қабылдау және көз алдына елестеу қабілетін жандандыратын,қиялын оятатын кішкентайда болса, шығармашылық көріністерін барынша демеп,қолдап отыру керек.

Балабақша бүлдіршіндерін өнерге деген құштарлығын арттырудың бірден -бір жолы сазды әуен мен сиқырлы күй тыңдатып,әсіресе ұлттық аспаптардан көп мағлұмат беруде басты миндет болып табылады.

29.03.2021 жыл. № P00031

**Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы
балалардың шығармашылығын қалыптастыру**

ТАУРБАЕВА ЖАНАТ БАТЫРГАЛИЕВНА

Қостанай қаласы № 40 бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Шығармашылық - бұл адамның өмір шыңдығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.

Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеуі, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана балабақшадан өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі.

Мектеп жасына дейінгі баланың үдемелі дамуын қамтамасыз ету үшін сәбилердің мүмкіндіктеріне сүйеніп, оның өмірінің, әрекетінің мазмұнын, айнала қоршаған ортамен қарым-қатынасын өзгерту керек.

Бейнелеу өнеріне оқыту барысында балалардың ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезімі дамиды, әрине бұл қасиеттер және тұлғаның жан-жақты дамуына негіз болары сөзсіз. Бейнелеу сабақтары балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру арқылы сұлулық сезімін оятады, дүниетанымын қалыптастырады, шығармашылық белсенділігін арттырады.

Сонымен қатар, жеке тұлғаны ұқыптылыққа, дербестікке, еңбексүйгіштікке бейімдейді. Бейнелеу іс-әрекеті барысында сурет салу біліктілігі мен іскерлігін меңгеріп, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды байқап зерттеуді үйренеді. Демек, бейнелеу қоршаған ортаны тану, кеңістікті қабылдау, есте ұстау, қиял, сезім сияқты тағы басқа психологиялық процестердің дамуына көмектеседі.

Көбінесе бейнелеу іс-әрекеті барысында баланың ерекше белсенділігін байқауға болады. Ол, әсіресе танымдық шығармашылығын белсенділік тұрғысында байқалады. Бұдан жеке тұлға өз белсенділігін қоршаған ортамен сезімдік қарым-қатынас, жұмыс процесінде арттыратындығын көруге болады.

29.03.2021 жыл. № P00032

Әніміз бар тамаша

АСЫЛОВА НУРГУЛЬ

Шығыс Қазақстан Облысы, Курчатов қаласы
«Күншуақ» бала бақшасы КМҚК. Музыка жетекшісі

Мақсаты: балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Әдіс - тәсілдер: салыстыру, сәйкестендіру, «ой қозғау», миға шабуыл, топтық жұмыс, дидактикалық ойын.

Көрнекілігі: ойынға арналған үйлер және суретті алмалар (слайд), «Әнші төлдер» макеті, «Көңілді шарлар».

Билингвизм: ән - песня, әнші - певец, ақын - поэт, сазгер - композитор

Музыка жетекшісінің іс - әрекеті

I. Бастапқы жүріс

«Балдырғандар маршы»

Марш екпінді әуен ойнап, балаларды қабылдайды. Әндете сәлемдеседі.

Біз - көңілді баламыз,

Өнер қуған дарамыз.

Әнге салып әдемі

Би де билеп аламыз.

II. Музыкалық - ырғақты қимылдар

«Келші, құрбым билейік»

Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса би қимылдарын орындауға шақырады.

Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларына ықпал етеді.

III. Музыка тыңдау

Ой қозғау. Балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды. Ән, әуен сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын қайталатып, үйретеді.

Бір баладан өзі білетін әннің

әуенін ля - ля буыны арқылы орындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.

- Әнді кім шығарады?

- Қандай сазгерлерді білеміз?

- Әннің сөзін кім жазады?

- Әнді орындайтын адамды кім дейміз?

- Қандай ырғақтағы әндерді білеміз?.

Балалардың назарын « ақылды тақтаға» аударады.

«Бұл үйдегілер не істеуде?» муз. дид. ойынын ойнауға шақырады.

1.«Елімізді сүйеміз» (марш)

Ж. Қалжанова

2. «Күзге сәлем!» (вальс)

А. Еспенбетова

3.«Әлди»халық әні

(бесік жыры)

Ойын шарты бойынша әртүрлі сипаттағы әуендерді ойнап, «үйдегілердің» қандай іс - әрекет үстінде екенін табуды сұрайды.

Жауаптары дұрыс болған жағдайда көңілді әуен ойналатынын айтады.

IV. Дауыс жаттығулары

Жаттығуларды бірүнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.

«Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығу жасатады.

V. Ән салу

1. «Елімнің ертеңгі иесі біз!»

әні: А. Еспенбетова. Өткен әнді естеріне түсіреді. Әннің атын, сазгерін атауды сұрайды.

Әнді хор мінбесіне барып ұнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

2. «Әніміз бар тамаша!»

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

Тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келгендігін айтады.

Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.

Әннің I қатарын - ботақандар тобы, II қатарын - бұзауқандар тобы, III қатарын - лақтар тобы,

IV қатарын - құлыншақтар тобы, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

VI. Ойын ойнау

«Ән салған кім?» муз. дид. ойын.

Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып баруларын сұрайды. Ойын шартын түсіндіреді. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды.

Достығымыз жараса,

Асыр салып таласа
Ойынды тез бастайық,
Шартын қатаң сақтайық
1 - 2 - 3. Ойын баста, ұш!
Әннің І шумағын орындау кезінде «шарларды» артқа тығып,
шеңбер бойымен жай баса жүріп, әндетуді, қайырмасында – «көңілді
шарларды» іске қосып, ырғағын соғуды ұсынады.

* * * * *

29.03.2021 жыл. № P00033

«ҮЙШІК» ертегісі

ТУРСУМБАЕВА ДИНАРА РАМАЗАНОВНА

Шығыс Қазақстан Облысы, Курчатов қаласы

«Күншуақ» бала бақшасы КМҚК. Тәрбиеші

Мақсаты: Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беруге үйрету.

А) Білімділік: Пропп карта туралы білім беру, ертегі туралы білген білімдерін бекіту;

Ә) Дамытушылық: балалардың еске түсіру, қиялын, тілдік қатынастарын жетілдіру, сахналап, әңгімелеп беруге дағдыландыру.

Б) Тәрбиелеу: балалардың адамгершілік сезімдерін ояту.



Әдіс-тәсілдер: сұрақ- жауап, әңгімелеп беру, мәнерлеп оқу, көрсету, талдау, пропп картамен жұмыс жасау, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий әдісі, сюжеттік-рөлдік ойын, алты қалпақ, Мурашковский әдісі.

Билинг- компонент: аю- bear, тышқан- mouse, қоян –rabbit,

Сөздік жұмыс: Жауап қатпады –ешкім жауап қайтармады.

Пайдаланатын құралдар: Пропп карталар, ертегі мазмұнына сәйкес салынған суреттер, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий карталары, дүрбі, магнитафон, 3D көзілдірігі т.б.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбер: «Сиқырлату» М: Понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсете білуге үйрету. Дид. ойын: «Аңдардың тіршілігін ажырат» (Кольцеулий әдісі арқылы)	Балалар понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсетеді.

	 <p>М: берілген аңдардың атын атап, қажетті суретпен сәйкестіруге, өзгергенін ажырата алуға үйрету. -Ертегілерде аңдар кездесе ме? -Қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Олай болса мен сендерді Ертегілер еліне апарып, театрда «Үйшік» ертегісімен танысамыз.</p>  <p>Алдын-ала мен билет алып қойдым, барып Сиқырлы кілемшеге отырып ұшып барайық.</p>	<p>Кольцелулий әдісі арқылы аңдардың тіршілігін ажыратады.</p> <p>(Білгендерін айтады)</p> <p>Берілген аңдарды атап, қажетті суретті тауып, сәйкестіреді. -Иә, кездеседі. -«Аю мен Маша», «Түлкі мен қоян», «Үш аю», «Бауырсақ» т.б.</p> <p>Балалар сиқырлы кілемшеге отырып, Ертегілер еліне әуен арқылы ұшып барады. «Үйшік» ертегісімен танысады.</p> <p>Балалар билеттерін алып, сәйкес суретке барып отырап, көзілдіріктерін киеді.</p>
<p>Ұйымдастыру-ізвестіру</p>	<p>Ертегіні театрға барып, 3D көзілдірігін киіп, ертегімен танысады.</p> <p>Мурашковский әдісі арқылы ертегімен таныстыру.</p>	<p>Балалар театр орталығына барады. Ертегімен танысады.</p>




Алаңда бір үйшік тұр екен. Жертесер тышқан жүгіріп келіп.....

Жаңа сөзбен таныстыру: «Жауап қатпады»


- Үйшікте не байқап қалды?
- Одан кейін нелер келді?
- Соңында үйшікпен не болды?

Сергіту сәті:

Етістікті тірек-сызба арқылы қимылдар жасайды.



Балармен қайтадан топқа оралып, ертегіні Пропп картаға салып әңгімелеу.



Мурашковский әдісі арқылы ертегімен танысады.

Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады.

Ертегінің мазмұнын тыңдап отырады.

Жаңа сөзбен танысады.

- Қоян кездесті.
- Түлкі, тышқан, аю...
- Жаңадан үй салды.

Етістікті тірек-сызбалар арқылы жаттығу жасайды.

Карточкаларды көрсетіп, ертегіге салынған белгілерді ажыратады.

Ертегіні Пропп карта арқылы тамашалайды.

Ортаға екі бала

		шығып ертегіні әңгімелеп береді.
Рефлексивті-түзетушілік	6 қалпақ арқылы қорытындылау: -Көңіл күйін қандай? -Қандай әрекет жасадың? -Шығармашылық -Қандай жаңалық алдың? -Пропп картаме не істедік? Бағалау: «Смайликтер» арқылы мадақтау.	Балалардың жауаптары: -Көңіл күйім жақсы. -Театрға барды, ертегі тындадым. -Ертегіні әңгімелету. -Жаңа сөзбен таныстым: Жауап қатпады. -Пропп карта арқылы ертегімен таныстық.

Күтілетін нәтиже:

Не білді? Пропп карта туралы түсінік алды;

Не меңгерді?Ертегіні әр түрлі тәсілдер арқылы әңгімелеп береді;

Не игеру керек? Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беріп, сахналай алады.

29.03.2021 жыл. № P00037

Мектепке дейінгі балалардың ұлттық ертегілер арқылы тілдерін дамыту

ТЛЕУБЕРДИНОВА АЛМАГУЛЬ НУРЖАНОВНА
Павлодар қаласы КГКП «№ 25 ясли бақшасы» Тәрбиеші

Ертегілер - мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің басты құралы. Ертегі - әрі білім, әрі тәрбие құралы.

Ертегі –болашаққа жақсы қасиеттермен жетелеу алғышарты.

Ертегілер арқылы балабақшадағы кіші топта тәрбиеленетін балалардың тілдерін, сөздік қорларын дамытуға болады. Өйткені балалар тек қана ертегіні тыңдап қана қоймайды, ертегінің оқиғасына қатысты сюжеттерді баяндауға, кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарын келтіруге ұмтылады. Ертегілерде халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлықтары, халқымыздың ең жақсы қасиеттері дәріптелген. Ертегілердің қай-қайсысын алсақ та тек қана жақсылық атаулыға шақырады. Әр ертегі өзіндік ерекшелігі мен тәрбиесімен құнды.

Кіші топта тәрбиеленуші балалар үшін «Мақта қыз» ертегісін оқып беріп, мынадай сұрақтар қоюға болады:

- Балалар, Мақта қыз қандай затын жоғалтты?

- Оны іздеуге кімдер көмектесті?

- Ертегі қалай аяқталды?

Осындай жетелеу сұрақтары балалардың тілдерін ширатып, сөздік қорларын ұштайды. Балалар қызығушылықпен жауап беруге тырысады.

Сол сияқты «Түлкі мен ешкі», «Жеті лақ» ертегілері бойынша суретпен жұмыс жасап, жетелеу сұрақтарына жауап алуға болады. Бастысы – балаларды сөйлету, тілдерін дамыту.

«Бауырсақ» ертегісін желілік-рөлдік ойын түрінде ұйымдастырып, өздеріне шағын жауаптармен мазмұнын баяндатуға болады.

«Шалқан» ертегісі арқылы дайын суреттермен балаларға сұрақ-жауап түрінде сабақ ұйымдастырудың мәні зор.

Бұл жұмыстардың барлығы бір жағынан, ұлттық құндылықтарды бірте-бірте үйретуге бағытталса, екіншіден баланы сөйлеуге, сөздік қорларын арттыруға бағыттайды.

29.03.2021 жыл. № P00034

Балабақшадағы музыкалық тәрбиенің маңызы

ЗАКЕНОВА АЙНУР БОЛАТОВНА

*Солтүстік Қазақстан облысы. Ақжар ауданы. Талшық селосы.
"Айгөлек"балалар бөбекжай балабақшасы МКҚК. Музыка жетекшісі.*

Балабақшадағы сәбилік шағынан тәрбиеленіп келе жатқан балада музыканы тыңдау, оны түсіну, есте сақтау, ажырата білу, ән салу, би билеу, сазгерлерді, аспаптарды тану қабілеттері бірте - бірте қалыптасады.

Ал, балабақшаға қамтылған баланың бойына қысқа мерзім ішінде аталған білім дағдыларын қалыптастыру музыка жетекшісінің алдына қойылған аумақты да, жауапты ісі. Балабақшада музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлері: ән сабағы, баланың жеке музыкамен шұғылдануы, баланың күнделікті өмірдегі музыканың орны, мерекелік ертеңгіліктер т.б.

Балаға музыкалық тәрбие берудегі мақсатымыз бен міндетіміз:

- Музыкаға қалыпты қызығушылығын, әр түрлі музыкаға эмоциялық сезгіштігін қалыптастыру және дамыту;
- Би билеу және ән салу дағдыларына үйрету;
- Музыкалық қабылдауын, таныс шығармаларды әуенінен тану және есте сақтауын дамыту;
- Музыкалық танымын кеңейту, машығын дамытуға жағдай жасау;
- Музыкалық әрекеттің барлық түрі бойынша белсенділікті дамыту.

Сол себепті, музыканың құдіретті күшін бала бойына дарыту, сіңіру мақсатында музыка, сазды әуен баланың күнделікті өмірінде орын алуы қажет. Музыкалық оқу іс - әрекетінің музыка тыңдау бөлімі бойынша ән, күй, халық әуендерін, басқа ұлттық шығармаларды қолдана отырып, музыканы тыңдау, қабылдау, есте сақтау, ажырата білумен қатар, оның мазмұнын, көркемдік қасиетін түсіндіру қажет.

Әнді музыкамен, музыкасыз жеке, көппен қосылып, орындау кезінде дауысын дамытуға, өлең сөзін дұрыс, анық айтуға, ырғақты қимылмен музыка үндестігін сезіне, денесін дұрыс ұстап, әдемі қозғала білуіне ерекше мән беріледі. Музыканы басқа пәндермен байланыстыруда (тіл дамыту, сахналау, дене шынықтыру, бейнелеу т. б) баланың көңіл хошы, өз күші мен ептілігіне қызығушылығы арта түседі.

Ән баламен ойын - сауықтарда, музыкалық кештерде, ертеңгіліктерде, билерде, ойындарда бірге жүреді. Демек, ойнай жүріп, баланың әнге деген құштарлығы арта түседі.

Музыкалық – дидактикалық ойындарды ойнау, балалардың музыкаға қызығушылығын арттырады және музыкалық іс - әрекет түрлерін тез, әрі дұрыс үйренуге көмектеседі.

Музыкалық оқу іс - әрекеттерінде музыкалық - дидактикалық ойындарды жүйелі түрде пайдалану – музыканы сипатына, көңіл - күйіне, динамикалық реңкіне қарай ажыратуды үйретеді. Балаларды әр түрлі музыкалық шараларға тек жеке өзін қатыстырмай, үлкендермен, ата - аналармен бірге қатыстырудың мәні зор. Бұл баланың өзіне - өзінің сенімін ұштап, шығармашылығын шыңдайды.

Музыкалық - ырғақты қимылдарды орындауда, би билеуде музыкалық аспаптарды қолдану музыканың ырғағын, динамикалық үнін, екпінін ажыратуға үйретіп, орындаушылық шеберліктерін шыңдайды. Мерекелік ертеңгіліктердің, ойын - сауықтардың, сахналық қойылымдардың кезінде бала образдық бейнелерді дәл бере білуге, сахна мәдениетіне жауапкершілікке, көпшілікпен жұмыс істеуге үйренеді.

Қазіргі оқу - тәрбие жұмысын жан - жақты дамыту мақсатындағы басты міндеттердің бірі бала тәрбиесіне қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан тұрмыс - салтына, әдет - ғұрпына, ұлттық дәстүріне байланысты әдебиет пен мәдениетке, өнерге үйрете отырып, баулу. Белгілі бір өнер иесіне арналған әсерлі әдеби - музыкалық кештер өткізу де бала санасында із қалдырады. Жақсыға, әдемілікке, үлкеннің маңызды да пайдалы ісін қайталауға, ұқсап бағуға талпындырады.

Әр сазгердің немесе әншінің шығармашылығындағы, репертуарындағы әндерді, шығармаларды тереңірек талдау арқылы бала тағы да музыканың эмоциялық әсерін, бейнелеу күшін түсініп, жақсы мен жаманды ажырата алуға үйренеді. Сол сияқты баламен жеке жұмыс жасауда әр баланың бойындағы қабілетін тауып, дамытуға жол ашады.

Ал, музыканы түсіне шығарма кейіпкерімен бірге жетіле, әсемдік пен әдемілікті сезіне өскен бала қоғамға тек пайдасын тигізетін, ұлттық қазынаны бағалай білетін, саналы да білімді, отансүйгіш, тәрбиелі, адал азамат болып өсері сөзсіз.

29.03.2021 жыл. № P00035

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

БАЙКЕТАЕВА САЯ ДАУЛЕТХАНОВНА

ШҚО, Курчатов қаласы. "Күншуақ" бала бақшасы КМҚК. Тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.

Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды.


Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...



«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.
Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.



Ойын шарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.



Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы

салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.

30.03.2021 жыл. № P00046

Туған өлкенің табиғаты

ОРАЗҚАН МАНАТ

ШҚО, Курчатов қаласы.

"Күншуақ" бала бақшасы КМҚК. Тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Қарапайым математика.

Айлық тақырыбы: «Туған өлкенің табиғаты»

Апталық тақырып: «Менің туған өлкем».

Мақсаты: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында).

Әдіс-тәсілдер: Шаттық шеңбер, сұрақ-жауап, ойын, көрсету, түсіндіру, дәптермен жұмыс, сергіту сәті, сөздік жұмыс, билингвалды компонент, критериялық бағалау, монтосори әдісі.

Көрнекілік: 1-5 дейінгі сандар суреті.

Қажетті құрал-жабдықтар: №2 жұмыс дәптер, қарындаш, үлестірмелі материал, қызыл, жасыл түсті таяқшалар, бұрандалы қақпақтар, суреттер жапсырылған плакат.

Сөздік жұмыс: Сол жақ, оң жақ.

Билингвалды компонент: сол жақ – слева, оң жақ – справа.

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбер:

Мынау менің жүрегім

Бәрі осыдан басталған.

Мынау басым ақылды

Барлық істі ақарған.

Мынау менің оң қолым

Мынау менің сол қолым

Барлық істі атқарған.

Қайырлы таң апайлар!

Қайырлы таң қонақтар!

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қай айы?

-Аптаның қай күні?

-Біздің тұрып жатқан туған қаламыз қалай аталады?

Негізгі бөлім:

Ойын: «Цифрды тап» .

Педагог балаларға цифрды көрсетеді және оның қандай цифр екенін сұрайды.

1-тапсырма. Дәптермен жұмыс:

Заттар тобын тиісті карточкалармен және цифрлармен сызып қос.

2-тапсырма.

Педагог балаларға сол қолына қызыл түсті таяқшаны ұстап көтеруді айтады, ал, оң жағына жасыл түсті таяқшаны ұстап көтеруді айтады. Педагог орындалған тапсырманы тексереді.

Осыдан қорытынды жасайды:

–Егер адам сендерге қарап тұрса, оның «оңы» сендердің «сол жағың» болып табылады.

Педагог балаларға тапсырманы дәптерге орындау керектігін айтады. Содан соң сұрайды:

–Бала бетімен қарап тұр ма, әлде арқасын беріп тұр ма?

3 тапсырма:

Берілген үлестірмелі материалдағы нүктелер санына сәйкес цифрларды тауып, қысқыштармен қысып орналастыру.

Сөздік жұмыс: Сол жақ, оң жақ.

Билингвалды компонент: сол жақ – слева, оң жақ – справа.

Сергіту сәті:

Ал, балалар тұрайық.

Үлкен шеңбер құрайық.

Алақанды соғайық,

Оң жақтағы балаға,

Шапалақты соғайық.

Сол жақтағы балаға,

Шапалақты соғайық.

Жоғары-төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

4-тапсырма.

Ойын: Үстел-үсті (Заттарды цифрлармен сәйкестендіріп құрастыру)

5-тапсырма: «Адасқан сандар»

Тақтадағы суреттерге тиісті сандарды тауып, қақпақтарды орналастыру.

Қорытынды бөлім:

-Балалар біз бүгін не туралы айттық?

-Қандай тапсырмалар орындадық?

–Мен сендерге қарап тұрмын. Менің «сол жағым» қайсы, «оң жағым» қайсы?

Критериялық бағалау: бүгінгі оқу қызметін жақсы түсінген болсақ оң қолымызды көтереміз, дұрыс түсінбеген болсақ сол қолды көтереміз.

29.03.2021 жыл. № P00038

Эффективность дистанционного обучения

МАРТИРОСЯН ФЕРУЗА ЕРКИНОВНА

Туркестанская область. Мактааральский район.

ОСШ № 29 Имени А. Туякбаева Учитель, русского языка и литературы.

Дистанционное образование – «комплекс образовательных услуг, предоставляемых широким слоям населения в стране и за рубежом с помощью специализированной информационной образовательной среды, базирующейся на средствах обмена учебной информацией на расстоянии (спутниковое телевидение, радио, компьютерная связь и т.п.)».

Дистанционное обучение – «новая организация образовательного процесса, базирующаяся на принципе самостоятельного обучения студента. Среда обучения характеризуется тем, что учащиеся в основном, а часто и совсем, отдалены от преподавателя в пространстве и (или) во времени, в то же время они имеют возможность в любой момент поддерживать диалог с помощью средств телекоммуникации».

Дистанционное обучение – «это новая ступень заочного обучения, на которой обеспечивается применение информационных технологий, основанных на использовании персональных компьютеров, видео- и аудиотехники, космической и оптоволоконной техники».

Дистанционное обучение – это «взаимодействие преподавателя и обучающихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) и реализуемое специфическими средствами Интернет-технологий или другими средствами, предусматривающими интерактивность» и «это самостоятельная форма обучения, информационные технологии в дистанционном обучении являются ведущим средством».

Под дистанционными образовательными технологиями понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с применением информационно-телекоммуникационных сетей при опосредованном взаимодействии обучающихся и педагогических работников».

Из этого множества определений наиболее точным считается следующее: **дистанционное обучение** – это «совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения, предоставление обучаемым возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе обучения». Существует большой набор средств, которые могут быть использованы для организации

взаимодействия обучающегося и преподавателя. Наиболее широкое распространение в начальной школе получили следующие:

Электронная почта. Данная форма взаимодействия доступна для обучающихся и среднего, и начального звена. Преимущество заключается в том, что обучающийся может выполнять задание в удобное для него время, используя все необходимые ресурсы. Недостаток же в том, что преподаватель не может в реальном времени «сопровождать» и «направлять» учащегося.

Использование программы «Скайп» (Skype), позволяющей общаться через сеть интернет по всему миру. В этом случае преподаватель может давать необходимую консультацию непосредственно в процессе выполнения работы, обсуждать с обучающимся ход её выполнения, полученные результаты, вносить необходимые поправки. Сложности возникают с визуализацией работы учащегося, так как это происходит либо через веб-камеру, а качество сигнала не всегда позволяет это сделать, либо через электронную почту, что опять же приводит к «растянутости» во времени.

Гугл-документы. Данный ресурс можно использовать и при работе с документами, и с презентациями, и с таблицами. При этом доступ к ним может быть одновременным, т.е. преподаватель «видит», как обучающийся выполняет задание, может корректировать его работу. Недостаток данного ресурса в том, что есть ряд стран, которые ограничивают работу данного браузера и использование его ресурсов становится невозможным.

Moodle — система управления курсами (электронное обучение), также известная как система управления обучением или виртуальная обучающая среда, которая представляет собой веб-приложение, предоставляющее возможность создавать сайты для онлайн-обучения. «Задания могут решаться как в специальных тетрадях, так и на личной страничке, открытой в веб-браузере на компьютере у обучающегося. Личная страничка отображает содержимое веб-сайта, например, созданного в специальной системе управления обучением «Moodle». На этой страничке обучающийся, пройдя авторизацию, может выбрать предмет обучения, посмотреть задания, отправить их на проверку, посмотреть вспомогательные материалы и т.д. В свою очередь, этот веб-сайт размещаются точно так же как и миллионы обычных веб-сайтов интернета, на сервере, специально выделенном или виртуальном хостинге. Соответственно, преподаватель имеет свой уровень доступа к системе и имеет несколько более широкие возможности, по сравнению с обучающимися. Может создавать и корректировать содержимое учебных курсов, просматривать задания и т.д. Тестовые задания, как правило, проверяются сразу в автоматическом режиме. А результаты учебы заносятся программой и преподавателем в электронный журнал».

30.03.2021 жыл. № P00043

Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы

АСАУБАЕВА ЖАДЫРА КЕРІМҒАЖЫҚЫЗЫ

ШҚО, Курчатов қаласы

«Күншуақ» бала бақшасы КМҚК. Тәрбиеші

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп,

қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс

түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді

30.03.2021 жыл. № P00045

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

АБДУЛЛАЕВА НҰРЖАМАЛ

Жамбыл облысы Байзақ ауданы. Үлгілі ауылы

Үлгілі орта мектебі. Жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық галамдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы, мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып, шешімді, саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм , дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына , синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

2.Сенімділікке тәрбиелеу.

3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.

4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.

5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.

6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.

7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?» деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі. Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

2. **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар

мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;

2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;

3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;

Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

29.03.2021 жыл. № P00036

ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ

БЕРДИХАНОВ КУРМАНГАЗЫ КАЙРБАЕВИЧ

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы

М.Маметова атындағы ШЖНОМ

физика-математика пәні мұғалімі

Ұлттық тәрбие ұлт мақсаты. Болашақ ел жастарының қолында, сол себептен ұлттық тәрбиемізді жаңғырта білуіміз керек, Балаларымызды ұлтын сүюге, отанын сүюге тәрбиелеуіміз керек. Елдің бірлігі ел болашағы жастарымыздың қолында. Ұлттық тәрбиемізді дамытуымыз керек. Кез келген халықтың тілі, діні, әдебиеті, түп-тамыры болары хақ. Солардың барлығын бір ғана сөзбен «ұлттық құндылық» деген ұғымның төңірегіне топтастыруға болады. Ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесінде алар маңызы зор. Ал, қазіргі таңда ұлттық құндылықтар қаншалықты құрметке ие болып жүр? Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп, ту-талақайың шықпас үшін ұлттық құндылықты сақтай білу керектігін білсе де, көбіне ата-баба мұрасына немқұрайды қарау орын алып жатқаны рас. Кез келген халықтың тілі, діні, әдебиеті, түп-тамыры болары хақ. Солардың барлығын бір ғана сөзбен «ұлттық құндылық» деген ұғымның төңірегіне топтастыруға болады. Ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесінде алар маңызы зор. Ал, қазіргі таңда ұлттық құндылықтар қаншалықты құрметке ие болып жүр? Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп, ту-талақайың шықпас үшін ұлттық құндылықты сақтай білу керектігін білсе де, көбіне ата-баба мұрасына немқұрайды қарау орын алып жатқаны жасырын емес. Елдің есін екеу, түсін төртеу қылып батыстық мәдениеттің жетегінде жүрген жастарды көргенде еріксіз бас шайқайсың. Тіпті, өзгенің қаңсығына таңсық болуға өзінен кейінгілерді еліктіріп әкететіндері көңілге күдік ұялатады.

Физика сабағында оқушыларға салт-дәстүрлерді қолдану мақсатында, ұлттық құндылықтармен таныстырамын. Табиғаттағы тіршілік атаулының өсіп-өну, даму көзі- оның тамыры, адам баласының санасының даму көзі – оның тілі. Тамырсыз өсімдік атаулы көктемейді, ана тілінсіз ұрпақ жетілмейді. Ана тілінің уызына қанбаған, оның бұлағынан нәр алмаған ұрпақтың баршасының бойынан ізгіліктің нышандарын табу мүмкін емес, өйткені жастарымыз халықтық педагогикадан, ұлттық салт-дәстүрлерімізден, рухани байлығымыздан қол үзіп кеткен ұрпақтың өкілі. Қайта құру еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың ұлттық сана-сезімін дамытуға жағдай жасады. Ұлттық мәдениеттің, тілдің, дәстүрдің қайта өрістеуіне қуатты серпін берді. Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салу, тарихи

тәжірибеден сабақ алу, мәдени дәстүрлерін, озық әдет-ғұрпын, өмір салтын зерттеу , оларды ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізу мәселерімен ұстаздар қауымы да мұқият шұғылдана бастады.Халықтың тірнектеп жинаған оқу-тәрбие ісінің бай тәжірибесін аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу- әрбір ұстаздың міндеті.

Халықтық педагогиканың негізгі көздер мақсаты-өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып,келер ұрпақты еңбекке, өнер –білім машықтарын меңгеруге, отбасы,ауыл-аймақтың, Отанын сүюге,ар-намысын қорғауға және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы- мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге , құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мол мұрасын , ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы зор.Оқушыларды ұлтжандылыққа , халқын қастерлеп , оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке , қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканың тағылымдарын енгізу кең өріс алып келеді.Міне, өз ұрпағының өнегелі , өнерлі , еңбексүйгіш , абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады,менің де міндетім осы.

Халықтық педагогика мен халықтық психология тағылымдарын пайдалану, физика пәнінің әр тарауларынан өткізілген сабақ түрлері оқушылардың пәнге қызығушылығын,белсенділігін арттырып, тарауды пысықтау кезеңін сапалы өткізуге , материалды толық меңгеруге көмектеседі. Сонымен бірге оқушы ойын дамытып,өзіндік пікір айтуға үйретеді.Оқушыны құрғақ жаттандылықтан аулақтатып дербес ойлап ,әрекет етуге жетелейді.Халық педагогикасының тағылымдарын физика сабағында қолдану – оның білімдік және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеп,оқушыларды ұлттық мақтанш рухында тәрбиелеуде зор мәні бар

Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып элементтерін физика сабағында қолдану.

Қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасында кездесетін кейбір элементтерді физика сабағында қолдануға болады. Біз осыдан жазу-сызуы болмаған халқымыздың табиғат құбылыстарын дұрыс түсіне білгендігін, көргендігін , данышпандығын аңғарамыз.Мысалы, 7-сыныпта “Диффузия құбылысы” тақырыбын өткенде айран ұйыту, құрт қайнату, нан ашыту қалай орындалатынын айтып кеткен орынды. Айран ұйытқанда немесе нан ашытқанда судың жылы болуы , температура жоғарсайын молекулалардың бір заттан екінші затқа өтуі шапшаң жүретінін көреміз. “Қысым” тақырыбын өткенде бабаларымыздың ағаш қазықтың ұшын неге үшкір етіп жасағанын

түсіндірген тиімді. Аз күш жұмсап қазықты жерге тез кіргізудің тәсілін ерте игерген.

Ал 8-сыныпта “Жылу өткізгіштік” тақырыбын оқытқанда малдың, аңның терілерінен тіккен киімдердің жылуды жақсы сақтайтынын білгенін, байланысты тұлып, ішік тігіп кигенін түсіндіру керек. Осы сыныпта “сәуле шығару” тақырыбын өтеді. Сол сабақта не себепті киіз үйге ақ киіз жабатынын , не себепті ақ киім киетінін нақты мысалдар арқылы дәлелдесе оқушылар миында тақырып ұзақ сақталады.

Сондай-ақ 9-сыныпта “Ньютонның қозғалыс заңдарын” өткенде қазақтың ұлттық спорт ойындары – “Арқан тарту”, “Күш сынау”, тағы басқаларын айтса, сабақтың мазмұны байып , құндылығы артады, оқушылардың білімі молаяды. 9,11-сыныптарда “Механикалық толқындар” тарауын өткенде домбыраның қалай дыбыс шығаратын аспап екенін айта кету керек. Алдымен тыныштықта тұрған ішекті тепе-теңдігін бұзып тербелтеміз. Екіншіден, ішектің тербелісі ауаға беріліп , ол арқылы дыбыс бізге жетеді. Үшіншіден, домбыраның беттік тақтайы да тербеліске түседі. Домбырамен бірге қобыздың да қалай дыбыс шығаратынына тоқтала кеткен жөн.

Енді 10-сыныптағы “Броундық қозғалыс” тақырыбына келейік. Бұл сабақты да тартымды етіп өткізудің сан алуан жолдары бар. Нақты дәлелге жүгінсек , күбіге айран піскенде майдың түсуі , қатты дене бөлшектерінің сұйықтағы қалықтаған қозғалысы екенін жатық тілмен әңгімелеген жөн. Ал, “Газдардағы электр тогы” тақырыбын өткенде мына мысалға назар аударған тартымды. Найзағай ойнағанда үйден шықпай, есік-терезені жауып отыру керек деген ұғымның қалай пайда болғанына тоқталу оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Келесі сөз 11-сыныптағы “Спектрлер” тақырыбы туралы. Мұнда ақ және қара түстерді қалай пайдалану керектігін жан-жақты ұғындырған ұтымды. Тілге тиек ететініміз – “Конвекция”, “Сәуле шығару” құбылыстары. Бұларды түсіндірген кезде киіз үйдің іргесін түру , түндігін ашып қою есебіне тоқталу оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп , көзқарасын қалыптастырады.

Сондай-ақ физика сабағында ұлттық ойындарды да қолданамын. Солардың кейбіріне тоқталып кетейін. Оқушылардың басым көпшілігі физика пәнін тек қаптаған жалаң формулалар, заңдылықтар деп түсінеді. Сондықтан да физика сабағында халықтық педагогика негізінде ұлттық салт-дәстүрлерді уағыздап , жас ұрпақ санасына дарытуды , осы арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыруды мақсат еткен жөн. Халықтық педагогиканың бір саласы – ұлттық ойындар. Біріншіден ойын сергіту сәті болса, екіншіден оқушылар ойынға қатысу үшін өз білімдерін үнемі толықтырып отырады. Үшіншіден өтілген материалды қайталау тұрақты түрде жүзеге асады. Бұдан оқушы есінде көп нәрсе қалары сөзсіз. Себебі , қайталау – оқу анасы.

Ойындарды әр түрлі бағытта жүргізіп отырамын. Мысалы, бірде оқушы жалпы өтілген теориялар мен анықтамалар бойынша жарысқа түссе, тағы бірде ұлы физик ғалымдардың өмірі жайлы айтысады. Осылай әр түрлі бағытта жүргізуге болады. Мұғалім біздің ата-бабаларымыздың ертеден ойнаған ойындарының тәрбиелік мәнінің зор екенін түсіндіріп, олардың қазірге дейін ұрпақтан ұрпаққа жеткенін және заман талабына сай жаңаша түр сипат алатынын да әңгімелеп айтуы керек. Сондай-ақ, бұл ойындар оқушылардың білім деңгейін көтеріп қана қоймай бір-бірімен жақындастырып достыққа, жолдастыққа, адамгершілікке тәрбиелейді, ұлтына деген ыстық ықылас пен сезім ұялатады. Қалай десек те, оқушылар санасында халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлерін қалыптастыру үшін және оқушылардың ғылымға, білімге деген ынталарын арттыру үшін де физика сабағында ұлттық ойындарды пайдаланудың берері көп, маңызы зор. Енді осы ойындарды қалай өткізуге болатынына тоқтала кетейін.

Аңшылар: Ойынға 12 оқушы қатысады. 2 оқушы аңшы, 10 оқушы үйрек болады. Үйректер аңшыларға сұрақ қояды. Егер аңшы дұрыс жауап берсе, үйректі атып алғаны. Әр аңшыға 10 сұрақ қойылады. Егер аңшы 10 үйрек атып алса – 5;

8 не 9 үйрек атып алса – 4;

4 не 7 үйрекатыпалса – 3;

1 не 2 үйрекатыпалса – 2 деген бағалар қойылады.

Ойын 10 минуттан аспауы керек.

Мақал-мәтелді де сабағымда қолданамын. Белгілі бір тақырыпты өткен кезде мысал ретінде қажетті мақалды келтіре отырып, оның тәрбиелік және физикалық мәніне түсінік берген өте пайдалы. Мысалы, 8- сыныпта “Кебу және конденсация” тақырыбын өткенде “Аузы күйген үрлеп ішеді” деген мақалды оқушыларға айту керек. Мақалдың тәрбиелік мәні, жіберген қатені екінші рет қайталамай дер кезінде қорытынды жасауға меңзесе, физикалық тұрғысынан ыстық нәрсені үрлесек, кебу процесі тездетіліп, оның

температурасының төмендейтінін ұғуға болады. Осы сияқты басқа да мақал-мәтелдерді тақырыпқа сай айтып отырса, оқушылардың ұлттық сана-сезімін оятуға, дамытуға берер әсері көп. Сонымен қатар бұл мақалдар халқымыздың ертеден-ақ дана халық болғанының дәлелі, айғағы екендігі сөзсіз. Бұл оқушылардың өз ұлтымызға деген сүйіспеншілігін оятады.

Баланың ойлану, танымдық, білімділік ұғымдар мен түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін жұмбақ шешкізудің маңызы зор. Мысалы,

Қозғалысқа келтіріп,

Жылдамдығын береді.

Өлшемдерін қарасаң,

Ньютонға ол келеді. Шешуі:(Күш).

Қорытынды:Мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша жүргізілетін күрделі жұмысы – физика пәніне халықтық, ұлттық салт-дәстүрлерді , ұлттық атауларды, ұлттық тіл өрнектерін, ұлттық ойындарды көптеп қолдана білу. Оған даяр жоба ұсынуға болмайды. Сабақты тартымды, қызықты өткізу мұғалімнің шығармашылық жұмысына, талантына, біліміне байланысты. Егер мұғалім сабақта бір тақырыпты оқытуда шәкірттерді ойландыруға , тәжірибе жасап, оған қорытынды жасай білуге , сөйлесу мәдениетін дамытуға көңіл аударса, келесі бір сабақты мүмкіндігіне қарай халқымыздың дәстүрлі ұлттық тұрмыс, салт-сана көріністеріне, қазіргі жеткіншек жете біле бермейтін ұғым-түсінігін бүгінгі өмірге жанастыра көңіл аудартса, сол арқылы танымдық мақсат қояды. Сөйте отырып, ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім-тәрбие беруге назар аударылады. Ғасырлар бойы күнделікті тұрмыста қазақ халқы физика ілімінің атауларын, салтын, дәстүрін қолданып келген.

МАЗМҰНЫ

- МАМБЕТОВА АЙГУЛЬ АБДУРАЗАКОВНА
- БЕКБУЛАТОВА ТОЙСУЛУ АЛПАМЫСОВНА
- ЕСЕНЖОЛОВ НАРБЕК АУЕСХАНОВИЧ
- ТАУРБАЕВА ЖАНАТ БАТЫРГАЛИЕВНА
- АСЫЛОВА НУРГУЛЬ
- ТУРСУМБАЕВА ДИНАРА РАМАЗАНОВНА
- ТЛЕУБЕРДИНОВА АЛМАГУЛЬ НУРЖАНОВНА
- ЗАКЕНОВА АЙНУР БОЛАТОВНА
- БАЙКЕТАЕВА САЯ ДАУЛЕТХАНОВНА
- ОРАЗҚАН МАНАТ
- МАРТИРОСЯН ФЕРУЗА ЕРКИНОВНА
- АСАУБАЕВА ЖАДЫРА КЕРІМҒАЖЫҚЫЗЫ
- АБДУЛЛАЕВА НҰРЖАМАЛ
- БЕРДИХАНОВ КУРМАНГАЗЫ КАЙРБАЕВИЧ